

Мәңгілік Елдің кепілі - адал ұрпақ

Қазақ Ұлттық университеті - болашақтың жарқын кепілі

«Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал»
Н.Ә. Назарбаев



Дамыған заман талабына сай болу үшін кез келген азамат заманауи және сапалы білімге ие болуы қажет. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «...мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр... Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналуы тиіс», деп атап өтті. Осы салада үнемі жұмыс атқарып келе жатқан, мемлекетке білікті кадрлар дайындайтын Қазақстанның жетекші классикалық университеті – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті - әлемдік білім беру кеңістігінде көш бастап тұрған барлық мекемелермен ресми рейтингтерде бақ сынасып, өз беделін нығайтқан бірден-бір жоғарғы оқу орны. Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады. Университетте кәсіби білім беру көпсалты жүйесі бойынша 25 мыңнан астам білімгер мен магистрант білім алуда. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеудің биылғы жылғы нәтижелерін жариялады.

Елімізде білікті және білімді кәсіби мамандар дайындау жоғары оқу орындарынан (ЖОО) бастау алады. Сондай ЖОО-ның бірі және бірегейі 1934 ж. құрылған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мемлекетіміздің білімі мен ғылымының ордасы, қара шаңырағы болып саналады. Соның құрамында 1949 ж. бастау алған философия және экономика факультетінің даму тарихы мен алатын орны ерекше. Осы уақыттан бастап бұл факультет жоғары дәрежелі халық шаруашылығына керекті экономистерді дайындайтын орталыққа айналып, тез қанатын жая бастады. Бүгінгі таңда бұл факультет «Экономика және бизнес Жоғары мектебі» деп аталады. Оның ішінде елімізге білікті де білімді менеджер және маркетинг саласында мамандар даярлайтын «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының алатын орны ерекше.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Бизнес технологиялар» кафедрасының тарихы 2019 жылдан басталады. Кафедра бірнеше рет жеке өзгеріске ұшырады. 2011 жылы «Менеджмент және бизнес» және «Маркетинг және коммерция» кафедраларының бірігуінің арқасында «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы ашылды. Осындай мақсаттар үшін отандық өнімді жылжыту процесін зерттейтін, алға тартатын, талдайтын және оңтайландыратын отандық жоғары білікті маркетингтер мен логистерге сұраныс бар. Осылайша, жоғары экономика және бизнес факультеті жанынан жеке іскерлік технологиялар кафедрасы құрылды. «Бизнес-технологиялар» кафедрасының білім, ғылым, өндірістік және инновациялық потенциалы жоғары. Кафедра халықаралық серіктестермен өте берік және кең байланыста. Білім сапасын арттыру және мамандарды даярлау мақсатында кафедра студенттерін, магистранттарын мен докторанттарын академиялық ұтқырлық, біліктілікті арттыру, қысқа және ұзақ мерзімді тәжірибе, тағылымдамадан өту және бірлескен жобалар үшін серіктес жоғары оқу орындарына жібереді.

Логистика және маркетинг кафедрасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңестерінің және Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің жоспарына сәйкес өз қызметін атқарады. Кафедра қызметі ҚР «Білім» жайлы заңнамасы мен ҚР Үкіметі және Білім және Ғылым Министрлігінің қаулысына негізделген. Бизнес технологиялар кафедрасы қызметінің жылдық жұмысы Университет Стратегиясы мен ЭЖБЖМ даму бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған.

А.КАЖМУРАТОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭЖБ ЖМ
«Бизнес-технологиялар» кафедрасының
оқытушысы э.ғ.к., доцент;
А.КОНЫСБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
ЭЖБЖМ «Бизнес-технологиялар» мамандығы
2-курс магистранты.

жұмысының нәтижесін беретіні анық.

Осы орайда мектептегі 1-4 сыныптар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек» тақырыбында өткен сурет байқауы жас буынның санасына адалдықты сіңірудегі алғашқы істің нәтижесі деуге болады. https://www.instagram.com/p/CG2DUXDnPdASJBsukhiv2v4g17E_MAgPSBES8c0/?igshid=1g2ungris9bf1u

Бастауыш сынып оқушыларының белсене қатысып салған суреттеріне қарап, жас жеткіншек осы суреттің сырында не жатқанын ұғына отырып, бойына адалдықты сіңірсе нұр үстіне нұр болар еді. Себебі оқушының өз қолымен салған суреттері бірінен бірі асып жемқорлықтың қорлығын паш етеді.

Мемлекетіміздің болашағы саналатын мектебіміздің осындай белсенді оқушыларынан үлкен үміт адалдық күтеміз. Өз заңын құрметтеп-қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ-Мәңгілік Елдің кепілі болмақ.

Ойымды қорытындылай келе, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Саналы ұрпақ осыны ұғыну керек. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі атқарылатын әрбір іс ұрпақ бойына осы борышты сіңіруге үлес қосса деймін.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жалпы білім беретін оқу ұйымдарының азаматтары, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органдар және өзге де мемлекеттік органдар бірлесіп отырып, сыбайластыққа қарсы тоқсауыл қоятын жұмыстар жүргізсе қоғамдағы келеңсіз індеттер тамыр жаймас па еді.

Біз баласын "Ала жіпті аттама" деп тәрбиелеген ұрпақтың жалғасымыз. Ендеше біреудің ала жібін аттамай, кісі ақысын жемей, өз заңын құрметтеп, қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ тәрбиеленіп жатқанын дәлелдей отырып, мемлекеттің Мәңгілік Ел болуына тірек болар Адал ұрпақ екенімізді көрсетейік дегім келеді.

Қоғам дәртінде айналған «жемқорлықпен» қоғам болып бірге күресейік!

Ел ертеңі - адал ұрпақ!

Ернар ШЫНЖЫРБЕКОВ,
"Сарыөзек орта мектебі МДШО" КММ
ұстаз-ұйымдастырушы

бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адамдық белгісінің өлшемі де осы. "Адалдық" деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады.

Сол себепті де өзім сияқты өсіп келе жатқан еліміздің болашағына үлес қосар жастары осы сөзбен жастайынан танысып, мағынасына терең бойлап өссе екен деп ойлаймын. Бұл сөзді болашақ ұрпаққа тек айтып қана қоймай аға буын іспен дәлелдеп, бүкіл халық болып ұрпағының бойына сіңіре алса, еліміздің ертеңі нұрлы болып, табысы еселене түспек. Дүниеде әділдік пен адалдықты ту өткен адамнан артық ешкім жоқ.

Жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиетті, ұлттық құндылықтарды қалыптастырып жүзеге асыруда мемлекеттің "Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы бар. Онда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерге ерекше көңіл бөлу қажеттігі көрсетілген. Сонымен бірге патриотизм, Отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу ұсынылады. Осының негізінде атқарылатын іс-шараларды жоспарлауда өзіндік ой-пікір туындап, қоғамдағы келеңсіз жағдайлар ойға оралады да, адал ұрпақты Мәңгілік елдің кепілі ету жолында не іс атқарып жатырмыз деген ой мазалайды.

Ұрпақты адалдыққа тәрбиелейтін орын мектеп екенін білеміз. Ендеше мектеп жасындағы балалардың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы рухани адамгершілік мәдениетті, санаға адалдықты қалыптастыруда атқарылып жатқан істер дәлел боларлық. Егер, жастайынан баланың санасына тазалық, жауапкершілік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасып, саналы өмір сүруге мүмкіндігі жеткілікті болады. Шәкірттерімізді мектеп қабырғасынан осындай ізгі қасиеттерге баулитын болсақ, жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушіліктің қағидаты қалыптасатын болады, демек, мектепте құрылған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы» да өз

«Алтын күз» - ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды мереке

Қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында «Алтын күз» тақырыбында түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Баршамызға белгілі, күз маусымында Жер ананың адам баласына ұсынған мол ырыс-несібесі диқандардың таңының атысы, күннің батысы сияқты еңбек етуінің арқасында қамбаға құйылады. Сондықтан да астық пісіп, оны шашпай-төкпей жинап алу ісі дәл осы күз айларында жүзеге асырылатындықтан, осы маусымға халқымыз «Алтын күз» деп айдар таққан. Бұл мезгілде халық несібесі, ел ырзығы ғана жиналып қоймайды, сондай-ақ оның осы кезеңде ұрпақты еңбекке, отансүйгіштікке баулу, табиғатты тану, Жер ананың қасиетін білу және басқа

да игі істер негізінде тәрбиелеу ісінде орны айқындала түседі. Мәселен, жыл сайын мол байлығын ұсынар күз маусымы келгенде мектептер, балабақшалар тақырыпқа сәйкес безендіріліп, осы бағыттағы түрлі танымдық-мерекелік шаралар тәрбиелік мәні зор құралға айналады. Игі істерге баулу бағытындағы шараларды ұйымдастыру барысында еліміз үшін маңызы зор атаулы күндердің, түрлі мерекелердің мән-маңызын ашып көрсете отырып, оларды тиімді пайдалануға басымдық береді. «Жыл сайын мамыражай жететін күз мезгілінің халық үшін қашанда маңызы зор. Оның артықшылықтарын айтып тауыса алмайсыз. Біз әрбір күз маусымы келген

сайын балаларға оның мән-маңызын, түсіндіру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Мұндай шаралар кезінде балалар өздеріне ұнайтын жеміс-жидектер, дәнді дақылдар, көкөністер бейнеленген немесе соларға ұқсастырыла тігілген киімдер киіп, тақпақтар айтып, қойылымдар көрсетеді. Бұл өз кезегінде жас өскіннің өз туған жерінің қасиетін ұғынуға, табиғатты сүюді үйренуге көмектеседі.

Жанерке МҰХАМЕДҚАЛИЕВА,
Сарыөзек орта мектебі
атындағы «Балауса» шағын орталығының тәрбиешісі

болып дымқыл тұман жерді басқан - деген өлең жолдары дәл айтылғандай. Біздің «Ай-сана» балабақшасында балалар арасында «Алтын күз» атты көрме ұйымдастырылды. Балалар өздерінің түрлі дәнді-дақылдар мен жеміс-жидектерден тамаша туындыларын, қолөнер бұйымдарын жасап әкелді. Балалардың еңбектері бағаланып, мадақтамалар берілді.

Сонымен қатар әр кезекші топтарда күз туралы ашық оқу-қызметтері өткізілді. Балалар күз туралы тақпақтар айтып, әндерін шырады. Көтеріңкі көңіл күй сыйлаған күз мезгіліне дән ризамыз.

Альфия ДЕМЕЕВА,
«Ай-сана» бөбекжай
балабақшасының
тәрбиешісі

Алтын күз

Міне, сары түске боялған сағындырған күз де келді.

Балабақшадағы бүлдіршіндер күздің көріністерін таң қалуда. Күздің керемет, әдемі көріністері әр топта жасалынған. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп жатыр. Күздің керемет бояуы осы сары-ала жапырақтармен сәнделгендей. Осы бір табиғаттың тылсым дүниесіне таң қаласың. Сары жапырақ қоңыр салқын ауа-райы, жабырқаулы көңіл-күй, қара суық жер күзге тән қасиет. Күздің байлығы - бақшамызда пісіп жетілген көкөністер мен жемістер. Күз молшылықтың, мерекенің, берекенің мезгілі. Қызыл сары жапырақтар үлкен кілем төселгендей әсер береді. Таңертеңгі көріністі айтсаңшы, шөптің бетін моншақтаған су



басып мөлдіреп тұрады. Айналама зер сала қарасам табиғаттың өзі алтын түстес. Абай атамыз жырлағандай күзде келді. Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз